



Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілеріне еңбек сіңірген жылдарына проценттік үстеме ақы төлеу үшін мемлекеттік қызмет стажы мен зейнетақы тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарын есептеудің тәртібі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1996 жылғы 3 маусым N 3014.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2000.03.10. N 357 жарлығымен. ~U000357

"Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы

Президентінің Заң күші бар Жарлығын
U952730_

жүзеге асыру

мақсатында қаулы етемін:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілеріне еңбек сіңірген жылдарына проценттік үстеме ақы төлеу үшін мемлекеттік қызмет стажы мен зейнетақы тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарын есептеудің тәртібі туралы қоса беріліп отырған ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы
Президентінің
1996 жылғы 3 маусымдағы
N 3014 Жарлығымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілеріне
еңбек сіңірген жылдарына проценттік үстеме ақы төлеу үшін
мемлекеттік қызмет стажы мен зейнетақы тағайындау үшін еңбек
сіңірген жылдарын есептеудің тәртібі туралы

ЕРЕЖЕ

Осы Ереже Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілеріне еңбек сіңірген жылдарына проценттік үстеме ақы төлеу үшін мемлекеттік қызмет стажы мен зейнетақы тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарын есептеудің тәртібін белгілейді.

Мемлекет қызметшілердің лауазымдық жалақыларына еңбек сіңірген жылдары үшін үстеме ақы мемлекеттік қызмет стажына қарай төленеді.

I. Еңбек сіңірген жылдарына үстеме ақы алуға құқық беретін стажды есептеу

1. Еңбек сіңірген жылдарына проценттік үстеме ақы алуға құқық беретін стажға мемлекеттік қызметте болған барлық уақыт кіреді.

2. Лауазымдық жалақыға үстеме ақы алуға құқық беретін стажға, сондай-ақ:

1) теріс себептермен қызметтен шығарылған адамдардан басқа, офицерлік құрамдағы адамдардың, прапорщиктердің, мичмандардың, мерзімсіз қызметтегі әскери қызметшілердің Қарулы Күштерде, ішкі, шекара әскерлерінде, Қазақстан Республикасы мен бұрынғы КСР Одағының азаматтық қорғанысты басқару органдары мен бөлімдерінде, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті органдары жүйесінде, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметінде және Қазақстан Республикасының Республикалық ұланында міндетті әскери қызмет өткерген;

2) теріс себептермен қызметтен шығарылған адамдардан басқа, басшы құрамдағы адамдардың ішкі істер органдары жүйесінде қызмет өткерген, прокуратура органдарында қызмет өткерген, Қазақстан Республикасы мен бұрынғы КСРО Одағының сот аппараттарында судья болып істеген және жауапты лауазымдар атқарған, басшы құрамдағы адамдардың Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитетінде қызмет өткерген;

3) Қазақстан Республикасы мен бұрынғы КСР Одағының сот, прокуратура, ішкі істер органдарында, КСРО мемлекеттік қауіпсіздік, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары мен Мемлекеттік тергеу комитетінде еңбек сіңірген жылдары үшін үстеме ақы алуға құқық беретін лауазымдар атқарған;

4) мемлекеттік қызметтегі адамдарға сәби бір жарым жасқа жеткенге дейінгі сәбиді күту жөніндегі ішінара ақы төленетін демалыс пен сәби үш жасқа жеткенге дейінгі сәбиді күту жөніндегі жалақысы сақталмайтын қосымша

демалыс;

5) КСРО Мемлекеттік банкі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі жүйесінде жұмыс істеген;

6) шетелге жіберілер алдында қызметші мемлекеттік қызметте болған болса және көшіп келу уақытын қоспағанда, шетелден қайтып келген күннен бастап екі айдың ішінде мемлекеттік қызметке кірсе, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың жолдамасымен шетелде жұмыс істеген;

7) 1992 жылғы 1 қаңтарға дейін Қазақстан Республикасының партия, кәсіподақ және комсомол органдарында сайланбалы және басқа да жауапты лауазымдар атқарған;

8) мемлекеттік кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде басшы лауазымдар, мемлекеттік қызмет мамандықтарымен бара-бар мамандықтар бойынша лауазымдар атқарған соңғы жұмыс орнындағы;

9) қызметші, кадрларды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін көтеру курсына түскенге дейін мемлекеттік қызметте болып, оны бітірген соң мемлекеттік қызметке оралған жағдайда, оның мемлекеттік органдар мен ұйымдардың жолдамасымен курста жұмыстан қол үзіп оқыған;

10) Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты өкілеттігін жүзеге асырған уақыт кіреді. <*>

ЕСКЕРТУ. 10)-тармақшамен толықтырылды - ҚР Президентінің 1998.04.23. N 3919 Жарлығымен. U983919_

II. Еңбек сіңірген жылдары үшін проценттік үстеме ақыны есептеу мен төлеу тәртібі

3. Осы Ережеге сәйкес еңбек сіңірген жылдарға есептелетін мемлекеттік қызметтегі жұмыс стажы күнтізбелік есептеу бойынша ескеріледі.

4. Еңбек сіңірген жылдары үшін үстеме ақы мемлекеттік қызметшілерге ай сайын лауазымдық жалақының жиынтық мөлшеріне процентпен, сыныбы үшін қосымша ақы қосыла отырып және мемлекеттік қызмет стажына қарай мынадай мөлшерде төленеді: үш жыл еңбек сіңірген ретте - он бес, бес жылда - жиырма, он жылда - отыз, он бес жылда - қырық, жиырма жылда - елу процент.

5. Күнтізбелік ай ішінде еңбек сіңірген жылдары үшін үстеме ақының мөлшерін көтеру құқығы пайда болған қызметкерлерге бір айлық үстеме ақының жалпы сомасы айдың кезеңдері бойынша тиісті мөлшерде есептелген үстеме ақыларды қосу арқылы айқындалады. Еңбек сіңірген жылдары үшін үстеме ақы сомасы күнтізбелік ай ішінде лауазымдық жалақысы өзгерген жағдайда да осындай тәртіппен есептеледі.

6. Еңбек сіңірген жылдары үшін проценттік үстеме ақы қолданылып жүрген

зандарға сәйкес қызметшіге қалдырылатын (демалыс уақыты, мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді орындаған уақыт үшін, еңбекке уақытша жарамсыздық кезеңі үшін, мемлекеттік зейнетақы тағайындалған және басқа ретте) орташа жалақыны есептеп шығарғанда да ескеріледі.

7. Еңбек сіңірген жылдарына проценттік үстеме ақылар төлеу үшін жұмыс стажын Еңбек стажын белгілеу комиссиясы айқындайды, оның құрамын тиісті мемлекеттік органның басшысы бекітеді.

Комиссияның жұмыс стажын белгілеу жөніндегі шешімі хаттамамен ресімделеді. Шешімнен үзінділер екі дана болып жасалып, бір данасы кадр бөліміне, екіншісі бухгалтерияға беріледі.

8. Жұмыс стажын белгілеу үшін негізгі құжат еңбек кітапшасы немесе қызметтік тізім болып табылады. Еңбек кітапшасы немесе қызметтік тізім болмағанда, сондай-ақ жұмыс кезеңдері туралы қажетті жазба жоқ болса не қате немесе жаңсақ жазылған жағдайда, еңбек стажын растау үшін жұмыс кезеңдері туралы мәліметтері бар анықтамалар, бұйрықтардың үзінділері, жеке шоттар мен еңбекақы беру ведомостары және өзге де құжаттар қабылданады. Еңбек сіңірген жылдарына үстеме ақы алуға құқық беретін стажды куәлардың айғақтауымен растау заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

III. Мемлекеттік қызметшілерге зейнетақы тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарын есептеудің тәртібі

9. Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы тағайындауға құқық беретін еңбек сіңірген жылдарға мемлекеттік органдарда мемлекеттік қызмет лауазымдарында болған уақыт кіреді.

10. Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы тағайындауға құқық беретін еңбек сіңірген жылдарға осы Ереженің 2-тармағында белгіленген тәртіп бойынша лауазымдық жалақыға проценттік үстеме ақы есептеу үшін ескерілетін уақыт кіреді.